

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА УДЕЛЯЕТ ПОВЫШЕННОЕ ВНИМАНИЕ РАЗВИТИЮ ТРАНСПОРТНОЙ СИСТЕМЫ СТРАНЫ. В КАЗАХСТАНЕ ПРОВОДИТСЯ СИСТЕМНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ВОКЗАЛОВ С ВНЕДРЕНИЕМ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ, ПОВЫШЕНИЕМ УРОВНЯ БЕЗОПАСНОСТИ И СОЗДАНИЕМ КОМФОРТНЫХ УСЛОВИЙ ДЛЯ ГРАЖДАН. РЕАЛИЗУЮТСЯ МЕРЫ ПО МАСШТАБНОМУ ОБНОВЛЕНИЮ ВОКЗАЛЬНЫХ КОМПЛЕКСОВ, РАСШИРЕНИЮ ИХ ПРОПУСКНОЙ СПОСОБНОСТИ И ПОВЫШЕНИЮ КАЧЕСТВА ОБСЛУЖИВАНИЯ ПассажиРОВ.

Олжас БЕКТЕНОВ,
Премьер-министр РК



№20 (3167)
17/03/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ГОЛОС СТАЛЬНОЙ МАГИСТРАЛИ СТРАНЫ

В день республиканского референдума центральный офис АО «НК «Қазақстан темір жолы» стал одной из ключевых площадок проявления гражданской активности. С раннего утра в здании компании работала избирательная участковая комиссия, объединившая сотни сотрудников транспортной отрасли и известных государственных деятелей.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Железнодорожники продемонстрировали высокую сплоченность, приходя на голосование целыми коллективами.

Одним из первых свой выбор сделал председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Талгат Алдыбергенов. Руководитель компании подчеркнул особую значимость участия каждого работника магистрали в принятии стратегических государственных решений. По его словам, для многотысячного коллектива это стало возможностью внести личный вклад в будущее страны.



Данный участок также посетили известные политические деятели, в том числе председатель Мажилиса Парламента РК Ерлан Кошанов. Проголосовав, он отметил высокий уровень организации процесса и значимость текущей кампании для укрепления демократических институтов Казахстана. На участке были созданы все необходимые условия для прозрачного и комфортного волеизъявления, а члены комиссии фиксировали стабильный поток избирателей с момента открытия.

Для обеспечения конституционного права сотрудников, находящихся на смене, на объектах железнодорожной инфраструктуры по всей республике была организована работа 27 избирательных участков. Это позволило работникам отрасли проголосовать без отрыва от производственного процесса, сохранив привычный ритм работы транспортного конвейера страны. Участие в референдуме стало для железнодорожников важным событием, символизирующим единство и ответственность за судьбу государства.



ЭКСПОРТТАУ КӨЛЕМІ ӨСКЕН



Еліміздің май өнімдерін өндірушілер Қытайға жеткізілімді едәуір арттырған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Қытай нарығына құнбағыс майын жеткізушілер арасында екінші орынға ие болған.

Бұл туралы Шанхайдағы Chinese Grains & Oils Congress 2026 халықаралық конференциясында «Майлы дақылдарды қайта өңдеушілердің ұлттық қауымдастығы» ЗТБ төрағасы Ядыкар Ибрагимов хабарлаған. Қауымдастықтың мәліметінше, қазақстандық май өнімдерінің Қытайға экспорты бір жылда 44%-ға өсіп, 440 мың тоннаға жетсе, түсімі 37%-ға немесе 312 млн долларға дейін өскен.

Қауымдастық басшысы жеткізілімдердің өсімі логистиканың жақсаруының арқасында мүмкін болып отырғанын жасырмады. Айтуынша, 2024 жылдың басынан бастап қауымдастық ҚТЖ-мен бірлесіп Достық – Алашанқай шекара өткелі арқылы өсімдік майын ауыстырып тиеу бойынша пилоттық жобаны іске асырды.

– Осы кезеңнен бастап Қытай бағытындағы жөнелту жоспарының орындалуы 90%-дан асты, ал бұған дейінгі, яғни 2023 жылғы көрсеткіш 40%-дан аспады, – деп атап өтті Я.Ибрагимов.

Сонымен қатар 2026 жылдың наурыз айында қауымдастық пен ҚТЖ Қытай бағытында түйіршіктелген құнбағыс ұнын астық тасымалдаушы құрамдарда экспорттық жеткізуді келісудің жаңа тетігін пилоттық режимде іске қосты. Бұл механизм өсімдік майын тасымалдаудың қазірдің өзінде пайдаланылып отырған жүйесіне негізделген.

Ислам ТАЛПАТ

Назардағы нысан

«БАҚТЫ-АЯГӨЗ» ҚҰРЫЛЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент тапсырмасы аясында жүзеге асырылып жатқан стратегиялық маңызы жоғары «Бақты-Аягөз» теміржолының құрылысы қарқын алуда. Жуырда Абай облысы әкімдігінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері, бас мердігер China Harbour Engineering Company Ltd. компаниясы, ҚР Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов және жобалаушы ұйым өкілдері қатысқан жиында жаңа жобаны іске асыру мәселелері кеңінен талқыланды.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Кеңеске Семей ЖТ бөлімшесі басшысы Алмас Сейсемқанов пен Семей магистральдық желі бөлімшесі директоры Айдын Шаукежанов та қатысты.

Жергілікті компанияларды қосалқы мердігер ретінде құрылыс жұмыстарына тарту, жобаның аяқталу мерзімі және өзге де бірқатар өзекті мәселелер талқыланған басқосуда осыған дейінгі атқарылған жұмыстарға есеп те берілді. Атап айтсақ, бүгінгі күнге дейін инженерлік іздестіру жұмыстары толығымен аяқталып, желі бойындағы Ай, Шолпан, Уржар және Бақты учаскелерінде төрт хаталық қалашық салынған. Жиын барысында жобаның іске асырылу барысы, сондай-ақ жобаға қатысушы барлық тараптардың жұмысын өзара

үйлестіру мәселелері сөз болды. Сондай-ақ аталған жобаны жүзеге асыру бойынша барлық бағыттағы жұмыстарды жеделдету жөнінде нақты тапсырмалар берілді. Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов жобаны белгіленген мерзімде іске асырудың маңыздылығын атап өтіп, құрылысқа қатысушы барлық тараптың тиімді әрі үйлесімді жұмыс істеуі қажет екенін де баса атап өтті. Көлік министрлігі жобаның іске асырылуын «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мердігер ұйымдар және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп тұрақты түрде бақылауда ұстап отыр. Құрылысты алдағы 2027 жылдың соңына дейін толық аяқтау жоспарланған.

Айта кетсек, «Бақты-Аягөз» жобасы елдің көлік инфрақұрылымын дамыту және Транскаспий бағытындағы трансқазақстандық теміржол дәлізін қалыптастыру мақсатына аса жоғары стратегиялық маңызға ие. Жаңа құрылыстың жүргізілуі барысы жергілікті Семей филиалының да назарында тұр. Осыған дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Жаңа жобалар жөніндегі басқарушы директоры Илья Мещеряков Абай облысына



жасаған сапарында Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шаукежанов және атқарушы билік өкілдері бастаған арнайы топпен бірге болашақ желінің бойында болып, атқарылған жұмыстар барысын пысықтап қайтқан болатын.

Суретті түсірген автор

ЖҮК ВАГОНДАРЫ ПАРКІ ЖАҢАРУДА



«Қазтеміртранс» АҚ вагон паркін жаңарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Мәселен, соңғы үш жылда компания «Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС-дан 3 мыңға жуық ашық вагон сатып алды.

Ал таяудағы бес жыл ішінде отандық өндірушіден тағы да 13 мыңға жуық жүк тасымалдайтын ашық вагон сатып алуды жоспарлап отыр. Бұл ел ішінде әлеуметтік маңызы бар жүктерді, атап айтқанда көмір, қиыршық тас, құрылыс материалдарын, сондай-ақ экспорттық коммерциялық жүктерді тасымалдауды уақытты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы ретте компания: отандық оператор-отандық өндіруші – отандық тұтынушы моделінде өзара әрекеттесудің тұрақты моделін құрып отырғанын айта әдік.

Жалпы, қазіргі уақытта «Қазтеміртранс» АҚ ашық вагондар паркінде шамамен 29 мың вагон бар. Оның ішінде 24 мың республика ішлік жүктерді – ең алдымен көмір мен қиыршық тасты тасымалдауға бекітілген. Экспорттық тасымалдарға тағы 5 мың вагон тартылған. Бұл арада осы вагондарда тасымалдауды ұйымдастыру мәселелері жүк жөнелтушілер мен жылжымалы құрам операторлары арасындағы шаруашылық-құқықтық қатынастармен ғана реттелуде.

Нұрбек БЕКЕН

ӘСКЕРИЛЕНДІРІЛГЕН ТЕМІРЖОЛ КҮЗЕТІ ОСЫ ЖЫЛЫ ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЭКОЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БІРІ – GPS-ПЛОМБАЛАРДЫ ЕНГІЗУДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫР. ОЛАР ПОЙЫЗДАРДЫҢ ОРНЫН НАҚТЫ УАҚЫТ РЕЖИМІНДЕ ҚАДАҒАЛАП, КОНТЕЙНЕРДІҢ АШЫЛҒАНЫН, ҚОЗҒАЛЫСЫН НЕМЕСЕ ҰЗАҚ ТОҚТАҒАНЫН ТІРКЕЙДІ. БОЛАШАҚТА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТАЛДАУЫ БАР БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН ЦИФРЛЫҚ БЕЙНЕ-ЖЕТОНДАРДЫ ЕНГІЗУДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУДА. БҮЛ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ҮЗДІКСІЗ БЕЙНЕ МЕН АУДИО ЖАЗЫП, ІШКІ ЖАДЫДА САҚТАЙДЫ ЖӘНЕ KEЙІН ТАЛДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР ЖОЛЫ

1577

ШАҚЫРЫМ ЖОЛДЫ
ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗУДІ
ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
ТХКБ АРҚЫЛЫ ШАМАМЕН

77 мың

ЖФБ ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

«ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ»
ЖШС ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ

18

ЖАҢА ЛОКОМОТИВТІ
ПАЙДАЛАНУҒА ҚОСТЫ.

РАБОТА БЕЗ ОСТАНОВКИ

К середине марта зима в ряде регионов Казахстана совсем не спешит уступать место весне. Обильные снегопады и штормовой ветер привели к закрытию автотрасс и переводу коммунальных служб на усиленный режим работы. В условиях экстремальной непогоды ҚТЖ обеспечило бесперебойное движение поездов и перевозку людей, оказавшихся в снежном плену.

Любовь РОВБА,
Астана

Особенно бушевала стихия в северной части страны, однако не обошла стороной и юг, в том числе Алматинский регион. Снежными заносами на минувшей неделе было охвачено порядка 350 подъездных путей, также в ряде отделений магистральной сети зафиксирован занос станционных путей, что создало дополнительные сложности для подачи и уборки вагонов. Чтобы минимизировать последствия непогоды, на участках железной дороги работа по очистке инфраструктуры и восстановлению нормального технологического режима велась круглосуточно. Особое внимание было уделено участку Достық – Алашанқой, где из-за сильных порывов ветра движение поездов осуществлялось с учетом жестких ограничений по безопасности, в том числе за счет пропуска тяжелых составов.

Только с начала марта на сети АО «НК «ҚТЖ» убрано 194 390 кубометров снега. При этом снегоуборочные машины типа СМ-2 сделали 261 выезд (718 рейсов). С помощью снегоочистительных машин типа СДПМ с 27 февраля по 15 марта очищено 20 307 километров пути, осуществлено 389 выездов.

На очистке станционных путей и стрелочных переводов были задействованы более 26 тысяч монтеров пути, из них в дневное время – 13 548 человек и 13 528 ночью. Кроме того, на некоторых станциях пришлось прибегнуть к помощи работников второй очереди – 698 человек.

Что касается зимы в целом, в этом году она пришла с небольшим опозданием – снегоуборочные работы на сети АО «НК «ҚТЖ» начались 5 декабря. Однако продолжаются по сей день. В целом с 5 декабря по 12 марта железнодорожники с помощью спецтехники убрали и вывезли более 891 тысячу кубометров снега, очистив при этом 83 773 километра пути.

Всеми видами специализированной техники за этот период осуществлено 2 375 выездов, 1 312 из них выполнено снегоочистительными машинами типа СДПМ и 1 063 выезда (3 502 рейса) – типа СМ-2.

Лидером по количеству осадков этой зимой стал Акмолинский регион – по НЖС-1 вывезено более 229 кубометров снега, в Семейском регионе убрано более 203 тысяч, в Костанайском – 166 850 кубометров, в Актюбинском – 139 800, Павлодарском – 123 тысячи кубометров снега. Значительно меньше снега выпало в Карагандинском регионе – с начала борьбы здесь брали 18 930 кубометров, в Кызылординском – 4 750, Алматинском – 3 750, в Жамбылском 1 750 кубометров.

Для очистки станционных путей и стрелочных переводов на магистральной сети в период снегоборьбы привлечено 163 701 работник, из них 1 001 – работники второй очереди. В дневное время было задействовано 81 864 человека, в ночное – 81 837.

С 10 по 12 марта в связи с закрытием автотрасс в Актюбинской, Акмолинской и Павлодарской областях АО «НК «ҚТЖ» обеспечило перевозку 390 пассажиров, задействовав на эти цели семь поездов. За весь зимний период поездами с автодвора вывезено около двух тысяч пассажиров. В условиях непогоды железнодорожный транспорт остается одним из самых надежных и безопасных способов передвижения. Национальный перевозчик продолжает принимать необходимые меры для обеспечения безопасности и комфорта пассажиров.

ЖОЛДА ҚАЛДЫРМАДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Өткен аптада қолайсыз ауа райына байланысты автожолдарға шектеу енгізілді. Ақтөбе, Ақмола және Павлодар облыстарында жолда қалған жолаушыларды теміржол арқылы тасымалдау ұйымдастырылды.



10-12 наурыз аралығында 7 пойызға жолаушыларды отырғызу жүргізіліп, барлығы 390 жолаушы диттеген жеріне жеткізілді. 10 наурыз күні Астана – Павлодар учаскесінде жолаушыларды №353 «Семей-Нұрлы жол» пойызына отырғызу ұйымдастырылды. Павлодар, Екібастұз, Шідерті және Ерейментау станцияларынан Нұрлы жол станциясына дейін 44 жолаушы жеткізілді. 11-12 наурыз күндері Ақтөбе – Атырау учаскесінде жолаушыларды тасымалдау келесі пойыздармен жүзеге асырылды: №692 «Ақтөбе-Атырау» пойызы – Ақтөбе станциясынан Қандыағаш, Алға және Бестамақ станцияларына дейін 73 жолаушы тасымалданды. №109 «Маңғыстау-Ақтөбе» пойызы – Алға, Бестамақ станцияларынан Ақтөбе станциясына дейін 13 жолаушы жеткізілді. №110 «Ақтөбе-Маңғыстау» пойызы – Ақтөбе станциясынан Алға және Бестамақ станцияларына дейін 117 жолаушы тасымалданды. №34 «Ақтөбе-Алматы» пойызы – Ақтөбе станциясынан Алға және Қандыағаш станцияларына дейін 44 жолаушы жеткізілді. №691 «Атырау-Ақтөбе» пойызы – Қарауылкелді, Шұбарқұдық, Алға, Бестамақ станцияларынан Ақтөбе станциясына дейін 35 жолаушы тасымалдады.

Сондай-ақ Павлодар – Астана учаскесінде жолаушыларды тасымалдау №139 «Павлодар-Пресногорьковская» пойызымен жүзеге асырылды. Шідерті, Ерейментау, Еркіншілік станцияларынан Астана станциясына дейін 64 жолаушы жеткізілді. 2026 жылғы қысқы маусым басталғалы қолайсыз ауа райына байланысты пойыздармен шамамен 2 мыңға жуық жолаушы жеткізілді.

Суретті түсірген автор

ТАСЫМАЛДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



ҚТЖ былтырдан бастап тасымалдауды жоспарлаудың автоматтандырылған жүйесін енгізе бастады. Қазіргі таңда жылжымалы құрамның 30-дан астам иесі жаңа жүйеге қосылған.

Бұл тасымалдау көлемін әдейі асыра бағалауды және қайталанатын өтімдерді беруді жоюға мүмкіндік береді. Мәселен, соңғы үш жылдың динамикасы көрсеткендей, жүк жөнелтушілер 2023 жылдан бастап 202,5 млн тоннаға жуық жүк тасымалына мәлімдеме жасап, алайда, іс жүзінде жүк жөнелтушілер тарапынан 88 млн тоннаға жуық жүк тасымалдаған, бұл ретте ҚТЖ 118 млн тоннаға келісім берген. Осылайша, барлық мәлімделген және келісілген жүктердің төрттен бір бөлігін жүк жөнелтушілер тасымалдауға ұсынбаған. Мамандардың айтуынша, жүйелі және жылдар бойы жалғасып келе жатқан бұл мәселе инфрақұрылымның өткізу қабілеттілігін жасанды түрде резервтеуге әкеліп, нақты жүктерді тасымалдау мүмкіндігін шектеуде.

Енді өтімдер жаңа жүйе негізінде вагон операторлары мен нақты жүк алушылар растаған кезде ғана қабылданатын болады. Бұл нарық қатысушыларының инфрақұрылымға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге, желіні пайдалану тиімділігін арттыруға және вагондар айналымын жеделдетуге мүмкіндік береді. Жүйені пилоттық апробациядан кейін 2026 жылдың соңына дейін толық енгізу жоспарланған.

Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалының «Нұрлы жол» вокзал кешені 2026 жылғы сәуірдің 1-інде бірыңғай оператор үшін «Нұрлы жол» теміржол вокзал кешенінің тұрақ аймағын жалға беру бойынша конкурсті өткізілетінін хабарлайды.

Толық ақпарат «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында «Инфрақұрылым» бөліміндегі «Теміржол вокзалдарындағы алаңдарды жалға беру бойынша ақпарат» кіші бөлімінде орналастырылған.

Барлық сұрақтар бойынша келесі телефондарға қоңырау шалыңыз: 8 (7172) 61-44-40, 8 (7172) 61-44-15, 8 (7171) 055-16-50.

Қазақстан Республикасының «Теміржол көлігі туралы» Заңының 12-тармағы 94-бабының 2-тармағына сәйкес, «Жолаушылар тасымалы» АҚ әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау қызметіне белгіленген шекті баға (тариф) деңгейінің өзгеретіні туралы хабарлайды. 2026 жылғы 26 наурыздан бастап тарифтерге 7% мөлшерінде жоспарлы индексация енгізіледі. Бұл өзгеріс 2026 жылғы 1 сәуірден бастап жөнелтілетін пойыздарға қолданылады.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

Күн жылынып, көктем лебі ескеннен Қызылорда жол дистанциясында қарбалас жұмыс қарқын алды. Жолшылар биыл пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру мақсатында 33 шақырым жолды күрделі жөндеуден өткізеді.

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Дистанция бастығы Марат Оңалов жол жөндеу жұмыстарына ауыр жол машиналары жұмылдырып жатқанын жеткізді.



– Биыл біздің дистанция бойынша арнайы ауыр жол машиналарын (RM, DM, DGS, PBR.) пайдалану арқылы 33 шақырымдық жол аумағы күрделі жөндеуден өткізіледі. Қазіргі таңда Жалағаш – Қарайірім телімінде

ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІК ТЕТІГІ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Qarmet» компаниясы өнеркәсіп өнімдерін орнықты және тұрақты тасымалдауды қамтамасыз ету бойынша бірлескен жұмысты дамытуды жалғастырмақ.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Металлургия және көмір өндіру үшін теміржол логистикасы өндірістік циклдың ажырамас бөлігі, сондықтан компаниялардың өзара тиімді әрекеттесуі саланың тұрақты жұмысында шешуші рөл атқарып отыр.

– Qarmet Қазақстан темір жолымен бірлесіп тасымалдау процесінің тұрақтылығын және дайын өнімді әртүрлі бағыттар

бойынша уақытылы жеткізуді қамтамасыз етеді. Логистикалық тізбектің барлық қатысушыларының үйлестірілген жұмысының арқасында 2025 жылы компания жөнелтудің рекордтық көрсеткішіне – айына 300 мың тоннаға дейін өнімді шығаруға қол жеткізді. Біз көлік ағындарының тұрақтылығы мен логистиканың тиімділігін қамтамасыз ете отырып, ҚТЖ компаниясымен ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниеттіміз,

– дейді Qarmet компаниясының логистика жөніндегі директоры Вячеслав Миронов.

Компаниялар сонымен қатар көлік жүйесінің тұрақтылығын қолдау бойынша жұмыс жүргізуде. Жекелеген бағыттардағы уақыт шектеулері жағдайында кідірістердің жинақталуын болдырмауға және нарықтың барлық қатысушылары үшін тасымалдардың болжамдылығын сақтауға мүмкіндік беретін ағындарды басқарудың арнайы режимдері

қолданылып отыр. Бұл тәсіл өндіріс процесінің тәуекелдерін азайтуға және келісімшарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Сонымен қатар теміржол желісі инфрақұрылымын дамыту бағытындағы іске асырылып жатқан жобалар негізгі көлік дәліздерінің өткізу қабілетін арттыруға және тар жерлерді жоюға бағытталып отыр. Ол өз кезегінде өнеркәсіптік өндірістің өсуіне және экспорттық жеткізілімдердің кеңеюіне қосымша мүмкіндіктер туғызады.

Qarmet тасымалдау процесін одан әрі цифрландыру бағытын және жөнелту жоспарларын келісудің ашық тетіктерін қолдап отыр. ҚТЖ-мен бірлескен жұмыс көлік логистикасының тиімділігін арттыруға, жеткізілімдердің тұрақтылығын нығайтуға және Қазақстанның металлургиялық кешенінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді дейді Qarmet компаниясының өкілі.

ЖАҢА ТЕХНИКА – ЖАҢА МҮМКІНДІК



Жамбыл қалпына келтіру пойызының техникалық құрамы биыл «СНЕТРА» Т-35 бульдозерімен толықты. Су жаңа бульдозердің техникалық мүмкіндіктерін сынақтан өткізіп те үлгерді. «Жақсыны көрмек үшін» демекші, қуатты техниканы көзбен көріп, қолмен ұстап, артықшылықтарымен танысу үшін базаға жол тарттық.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жамбыл қалпына келтіру пойызының базасы Тараз станциясында орналасқан. Теміржол учаскелеріндегі төтенше жағдайларды, апаттарды жою және пойыздардың желінен шығып кетуі оқиғаларында жедел көмекке жететін қалпына келтіру пойызының базасына қашан келсеңіз де, барлық техникалық құрам ашық вагондарға тиеліп, сақадай-сай дайын тұрады. Бүгін тек техникалар ғана емес, кезекті ауысымға түскен мамандардың даярлығы псысықталып, күнделікті техникалық-нұсқау сабағы өткізіліп жатыр екен. Қырық жылдық тәжірибесі бар гидропневматика шебері Сембек Кәрімбаев пен ХЕШ, крандар мен машиналарға жауапты шебер Ернар Айдарбеков кран, бульдозер жүргізушілері мен көмекшілеріне, дәнекерлеушілер мен жүк ілдірушілерге апатты жағдай кезінде нұсқауға сай орындالاتын нормативтердің уақыты мен ереже-талаптарды тағы қайталауда.

Жамбыл қалпына келтіру пойызының бастығы Махат Байдалиев техникалық сағатты өткізудің қажеттілігін түсіндіріп берді: «Шақырту түскен кезде құрам базаға 20 минутта жиналып, 40 минуттың ішінде қалпына келтіру пойызы толық жасақталып, станциядан жолға шығып кетуі тиіс. Талап сондай. Кездейсоқ апаттан сақтасын, дегенмен, ол кезде біз оқиға орнына тез жетіп, шойын жолды жедел ашуымыз керек. Мұндай жағдайда бірінші кезекте физикалық дайындық қажет. Сонымен қатар әрбір маман арнайы бекітілген нормативтер мен нұсқаулықтарды білуі аса маңызды. Онда электровоздар мен тепловоздарды, вагондарды қанша уақытта көтеріп, жолды ашу керектігі көрсетілген. Мысалы, вагондардан бульдозер, трактор, крандарымызды 20 минутта түсіріп, қайта 22 ми-

нутта тиесп үлгеруіміз керек. Апта сайын өткізетін сабақта осы ереже-талаптарды еске салып, сынақ аламыз».

Махат Аярбекұлы біз үшін қалпына келтіру пойызы базасына экскурсия жасап, жұмыс процесі қалай жүретінін кезекші отыратын бөлмеден бастап көрсетіп, түсіндіріп берді. Айталық, шақырту түскенде кезекші нұсқауға сәйкес басшыдан бастап, негізгі құрамға кезекпен хабарлап шығады екен. Ал екінші желі арқылы техникалық құрамның дайындығын пысықтайды.

Кезекші бөлмесінде жайлы жұмысқа жағдай жасалған, қысқатолқынды пеш, телевизор, телефон, байланыс жүйесі – бәрі қамтамасыз етілген. Кенседе жұмысшыларға арналған демалыс аймағы да бар екен. Онда құрам бір мезгіл үстел теннисі, шахмат ойнап ой сергіте алады. Тағы бір бөлме су киімдерді кептіріп, жұмыстан кейін жуынатын душы бар санитарлық торап ретінде жабдықталған.

Бұдан соң ашық вагондарға тиелген техникалармен таныстық. Қалпына келтіру пойызына 2002 жылы жұмысқа қабылданғаннан бастап, 10 жыл шебер, үш жыл бастықтың орынбасары, 2014 жылдан бері басшылық қызметті атқарып келе жатқан Махат Байдалиев қай техниканың қуаты қанша, кран, бульдозермен қалай жұмыс істейтінін тәптіштеп түсіндірді.

– Қалпына келтіру пойызының жабық вагоны – құрамның тамақтанатын, киім ауыстыратын жатын орны. Шақырту түскенде алдымен осы вагон тіркеледі. Техникалық базамызда 100 тоннаға дейінгі электровоздарды көтере алатын 125 тонналық немістің ЕДК-1000/2 және 60 тоннадан басталатын вагондарды, тепловоздарды көтеретін екі кран, екі трактор, үш машина бар. Әр кранда екі машинист, олардың екі-екіден көмекшісі болады. Жалпы дәнекерлеушілеріміз, машина және бульдозер жүр-



гізушілері, жүк ілдірушілер, жолсеріктерімізді қосқанда 29 адам жұмыс істейді.

ЕДК-1000/2 кранының екі жөбесі екі жаққа қарап тұрады. Апат болған жерге барғанда рельстен шығып немесе аударылған вагонға қай жебені бұрып жұмыс істеген ыңғайлы, соны іске қосамыз. Біз барғанша электрмен жабдықтау дистанциясының мамандары бағандардағы тоқты залалсыздандырып, ашып қояды. Бірақ бұл жұмыс ұзақ уақыт алатындықтан, немістің ХЕШ құрылысын қолданып, крансыз көтеруге тырысамыз. Апат кезінде жолды аршуға бульдозерлерді қолданамыз. Ал биыл жаңа жылда алған СНЕТРА-ның техникалық қуаты өте жоғары. Шақырту кезінде де, жаттығулар уақытында да әрбір қауіпсіздік талаптарын сақтауы тиіс.

Бірінші кезекте – еңбек қауіпсіздігі. Өндірістік және электр қауіпсіздігін сақтаудағы нұсқаулар да бұлжытпай орындалуы тиіс. Олар естен шықпауы үшін осы үш бағытта мамандар әр жыл сайын Тараз көліктегі оқу орталығында үш күндік оқуға жіберіледі. Оқып қана қоймай, сынақ тапсырып, арнайы куәлік алмайынша, өндіріске оралуға жол жоқ.

Тәртгіп пен үлкен жауапкершілікті, әскери дайындықты талап ететін қалпына келтіру пойызының құрамы әр үш ай сайын үлкен оқу-жаттығу жиынында сынақ тапсырып тұрады. Ай сайын базада өтетін техникалық жаттығу тағы бар.

Шақырту кезінде де, жаттығулар уақытында да әрбір қауіпсіздік талаптарын сақтауы тиіс.

Бірінші кезекте – еңбек қауіпсіздігі. Өндірістік және электр қауіпсіздігін сақтаудағы нұсқаулар да бұлжытпай орындалуы тиіс. Олар естен шықпауы үшін осы үш бағытта мамандар әр жыл сайын Тараз көліктегі оқу орталығында үш күндік оқуға жіберіледі. Оқып қана қоймай, сынақ тапсырып, арнайы куәлік алмайынша, өндіріске оралуға жол жоқ.

Суретті түсірген автор

НОВЫЕ ВАГОНЫ – НОВЫЙ УРОВЕНЬ КОМФОРТА



СЕРВИС

Парк АО «Пассажи́рские перевозки» пополнился новой партией современных вагонов. Национальный перевозчик получил последние 17 купейных вагонов 45-й серии, завершив тем самым обновление подвижного состава в рамках ранее заключенного контракта с казахстанским производителем RWS Wagon (ТОО «ЗИКСТО»).

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Всего по договору в адрес компании было поставлено 100 новых пассажирских вагонов. Финальная партия планировалась к поставке до конца июня 2026 года, однако была передана АО «Пассажи́рские перевозки» уже в начале марта. Это позволило завершить выполнение контракта на четыре месяца раньше установленного срока.

Поставщиком вагонов выступил казахстанский производитель RWS Wagon (ТОО «ЗИКСТО»), входящий в железнодорожный холдинг Railways Systems KZ. Предприятие специализируется на выпуске современного пассажирского подвижного состава и активно участвует в программах обновления железнодорожного парка страны.

Новые вагоны рассчитаны на



разные категории пассажиров – семьи с детьми, пожилые люди, туристы и маломобильные граждане. Беспороговый вход позволяет пассажирам на инвалидных колясках самостоятельно заезжать в вагон, а в санузлах установлены пеленальные столики.

– Сегодня пассажиры ожидают совершенно иной уровень комфорта и сервиса. Наша

задача – создавать вагоны, которые будут удобны для всех категорий пассажиров. Мы давно сотрудничаем с компанией «Пассажи́рские перевозки» и стремимся, чтобы казахстанцы могли путешествовать в современных вагонах мирового уровня, – подчеркнул президент холдинга Railways Systems KZ Сергей Павлингер.

В штабных вагонах предусмотре-

ны специальные купе с увеличенным пространством и отдельным санузлом для маломобильных пассажиров. Сдвижные двери снижают уровень шума и экономят пространство, а герметичные межвагонные переходы позволяют поддерживать комфортный микроклимат.

Вагоны рассчитаны на работу в разных климатических условиях. Вакуумные туалеты функционируют даже на длительных стоянках. Информационные табло работают на казахском, русском и английском языках. Современные тележки обеспечивают плавный ход поезда.

Поступление новых вагонов позволит АО «Пассажи́рские перевозки» и дальше повышать качество сервиса и создавать более комфортные условия для пассажиров на железных дорогах Казахстана.

Паводок

В РЕЖИМЕ ПОВЫШЕННОЙ ГОТОВНОСТИ

Для обеспечения безопасности движения поездов и сохранности железнодорожной инфраструктуры в АО «НК «КТЖ» развернут комплекс мероприятий по подготовке пути и искусственных сооружений к пропуску ледохода и паводковых вод.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В рамках этой работы формируется 45 противоразмывных поездов, из которых на сегодняшний день уже полностью укомплектовано 18 составов.

Масштабные работы охватывают очистку 3558 мостов, 6345 водопропускных труб, а также более 2000 километров кюветов и 550 километров нагорных канав. В трудовом процессе задействовано более 1000 работников дистанции пути и строительно-монтажных отрядов.

Ход работ распределен по регионам в зависимости от климатических условий. В южном регионе очистка завершена на 100%.

В западном регионе показатели очистки варьируются от 52% по кюветам до 83% по мостам. В восточном регионе готовность мостов составляет 37%, труб – 27%. В северном регионе, где весна наступает позже, уже очищено около четверти водопропускных труб.

Отдельным направлением работы является предотвращение лавинной опасности. К примеру, на участках Кумистауской дистанции пути проведены буровзрывные работы: с помощью 700 килограмм взрывчатых веществ обеспечен безопасный спуск 2610 кубометров снежной массы. Все запланированные мероприятия будут завершены в установленные сроки, что гарантирует стабильность перевозок в период весеннего половодья.



Своевременная подготовка железнодорожной инфраструктуры к паводковому периоду – это не просто плановый регламент, а критически важный фактор обеспечения национальной транспортной безопасности.

Фото Александра ЖАБЧУКА

БЕЗ ПОДТОПЛЕНИЙ И ЗАТОРОВ

В Костанайском регионе полным ходом идет подготовка железнодорожных путей и искусственных сооружений к пропуску ледохода и паводковых вод.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Марат Орумбаев, на сегодняшний день на железнодорожных путях Костанайского отделения магистральной сети насчитывается 259 мостов, 509 водопропускных труб, 42,5 километра нагорных канав, 201,6 километра водоотводных канав и 129,7 километра кюветов. Чтобы держать под контролем эти потенциально опасные объекты, костанайские железнодорожники проводят комплекс профилактических мероприятий. Так, выполняются буровзрывные работы по дроблению льда на реке Ишим в районе перегона Есиль – Приишимская на 29-м километре у железнодорожного моста, а также на перегоне

Сурган – Есиль на 425-м километре, также у железнодорожного моста. В первом случае под лед будет заложено 700 килограммов тротила, во втором – 1200 килограммов.

Также в марте, согласно плану мероприятий, производится промер русел рек в девяти местах: у моста на 425-м километре реки Ишим, у моста на 401-м километре реки Жаныспай, у моста на 156-м километре реки Тобол, у моста на 29-м километре реки Ишим, у моста на 989-м километре реки Иргиз, у моста на 68-м километре реки Аят, у моста на 677-м километре реки Тобол, у моста на 349-м километре реки Аят и у моста на 297-м километре реки Тобол.

Кроме того, в Костанайском регионе в пределах железнодорожных путей расположены четырнадцать водохранилищ. Все они регулярно обследуются на предмет подъема уровня воды

и возможного разлива. В рамках контроля за уровнем воды в данных водохранилищах также ведется тесное взаимодействие с местными поселковыми и районными акиматами.

– На период паводка на особо опасных участках будет обеспечена круглосуточная телефонная связь и установлено дополнительное освещение, – говорит Марат Орумбаев. – Совместно с департаментом по чрезвычайным ситуациям и местными исполнительными органами проводится мониторинг накопления талой воды в других потенциально опасных местах в границах Костанайского отделения магистральной сети. Также обсуждается принятие совместных оперативных мер в случае возникновения чрезвычайных ситуаций.

Помимо этого, уже ведется работа по вскрытию искусственных сооружений.

На момент подготовки материала на железнодорожных путях Костанайского региона уже открыто 44 трубы, очищено 36 мостов, очищено пять километров кюветов, разработано пять километров канав и 10 километров водоотводов. Все это составляет 35 процентов от общего объема работ. По результатам проверки всех объектов угрозы подтопления и подмыва железнодорожного пути не выявлено.

ЗОНА ПОВЫШЕННОЙ ОПАСНОСТИ

Железнодорожники ТЧЭ-18 провели встречу по безопасности с учащимися средней общеобразовательной школы №30 города Павлодар.

ПРОФИЛАКТИКА

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Мероприятие организовано в целях снижения рисков производственного травматизма и в рамках профилактического месячника «Внимание, человек на пути». В ходе встречи сотрудники ТЧЭ-18 провели разъяснительные занятия, посвященные вопросам безопасного поведения в зоне железнодорожной инфраструктуры. Перед ребятами выступил заместитель начальника по производству Аслан Даулетов.

– Железная дорога – это не просто удобный вид транспорта, это зона повышенной опас-

ности, где малейшая неосторожность может стоить жизни. Современные поезда развивают огромные скорости до 140-200 километров в час, а их вес исчисляется тысячами тонн. Многие подростки уверены в своей реакции, но они забывают о физике движения поезда. Например, тормозной путь. Даже при экстренном торможении состав не может остановиться мгновенно. Тормозной путь поезда составляет от 700 до 1200 метров. Или скорость. Поезд идущий со скоростью 100-120 километров в час преодолевает 30 метров всего за одну секунду. Человеку для перехода пути требуется минимум 5-6 секунд. Этого времени может просто не хватить, – подробно

объяснял школьникам Аслан Даулетов.

Железнодорожник также отметил, что в погоне за контентом и лайками, молодые люди рискуют своей жизнью, снимая селфи на территории, где находится железнодорожный транспорт. Напряжение в контактном проводе составляет 27,500 вольт. Это в 125 раз больше, чем в домашней розетке.

– Желание сделать эффектный кадр на фоне поезда или на крыше вагона – это прямая угроза жизни. Громкий хлопок и электрическая дуга могут убить человека даже без прямого прикосновения к проводу, – сказал железнодорожник.



ЕДИНАЯ СИСТЕМА

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана



СОТРУДНИЧЕСТВО

Создать единую интеллектуальную транспортную систему договорились Министерство транспорта РК и компания Huawei.



Меморандум о сотрудничестве в сфере цифровизации транспорта стороны подписали во время международной выставки Mobile World Congress 2026. Взаимодействие охватит железнодорожный, автомобильный и портовый транспорт, а также сферу грузовой логистики.

Ожидается, что реализация меморандума ускорит цифровую трансформацию транспортного комплекса Казахстана и его интеграцию в международные транспортные коридоры. В частности, документ предусматривает обмен опытом по внедрению цифровых решений, а также развитие единой интеллектуальной транспортной системы с использованием облачных технологий.

Фактически речь идет о создании цифровой платформы, которая позволит координировать транспортные потоки, снижать нагрузку на дороги и повышать эффективность логистических узлов.

Сотрудничество с технологическим гигантом открывает для Казахстана дополнительные возможности для внедрения передовых решений и обмена международным опытом. В долгосрочной перспективе это может укрепить позиции страны в глобальных транспортных коридорах и повысить конкурентоспособность национальной логистики.

Эксперты отмечают: цифровизация транспорта сегодня становится одним из ключевых факторов экономического роста. И Казахстан намерен занять в этом процессе заметное место.

НА ОСОБОМ КОНТРОЛЕ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



СОВЕЩАНИЕ

В офисе Карагандинского участка регионального филиала по пассажирским перевозкам «Северный» состоялась рабочая встреча руководства участка с представителями Национальной гвардии РК и сотрудниками АО «Вагонсервис».

Во время встречи рассмотрены вопросы перевозки специального контингента в специализированных вагонах СТ «Вагоны ЗАК».

Обсуждены вопросы организации перевозочного процесса, порядок подачи и прицепки спецвагонов к пассажирским поездам, оформление сопроводительной документации и взаимодействие начальника поезда, проводников и караула.

Представители АО «Вагонсервис» рассказали о техническом состоянии спецвагонов, выполнении ремонтов и готовности оборудования – систем отопления, вентиляции, освещения и водоснабжения.

– Перед каждым рейсом вагоны проходят обязательный технический осмотр с оформлением актов готовности к эксплуатации. Это позволяет минимизировать риски в пути следования и обеспечить безопасную работу персонала, – отметил начальник Карагандинского участка Алибек Абилюдинов.

Также обсуждены вопросы санитарного состояния вагонов и должностные инструкции проводников и сотрудников караула.

Объявление

Вокзальный комплекс «Нұрлы жол» филиала акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» – «Ақмолинское отделение магистральной сети» сообщает, что 1 апреля 2026 года будет проведен конкурс по передаче в аренду парковочной зоны железнодорожного вокзального комплекса Нұрлы жол для единого оператора.

Подробная информация размещена на сайте акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» www.railways.kz в подразделе «Информация по передаче в аренду площадей на железнодорожных вокзалах» раздела «Инфраструктура».

По всем вопросам обращаться по телефону: 8 (7172) 61-44-40, 8 (7172) 61-44-15, 8 (771) 055-16-50».

В соответствии с п.2 ст.94 гл.12 Закона РК «О железнодорожном транспорте» АО «Пассажи́рские перевозки» уведомляет об изменении предельного уровня цен (тарифов) на перевозку пассажиров железнодорожным транспортом по социально значимым сообщениям с 26 марта 2026 года на поезда отправляемые с 1 апреля 2026 года в размере 7% плановой индексации.

№20 (3167) 17/03/2026

АМАЛ КЕЛДІ, ЖЫЛ КЕЛДІ...



Батыста кеңінен аталып өтетін Амал мерекесін маңғыстаулықтар жылдағы дәстүр бойынша Отпан тауда «Бірлік» отын жағып қарсы алды.

Алыс-жақын елдерден келген қонақтар түбек халқының бірлігі мен ұлттық дәстүрлерін көріп, қаладан қашықта, теңіз деңгейінен бес жүз метр биіктегі таудың басына жиылған жұрттың

ыққыласына тәнті болды. Тағалымды іс-шаралардың тартымды өтуіне түбек теміржолшылары да атсалысты. Олар Наурызғана онкүндігінің алғашқы күнін «Амал келді, жыл келді...»

дәп әдеттегідей бір-бірін құттықтап, төс қағыстырып, көрісуден бастады. «Бір жасыңмен, жыл құтты болсын...» деген игі тілектерін жаудырып, жастары үлкендерге көрісе кіріп, батасын алды.

Түбек теміржолшының бас ғимаратында тансәріден осылай қол алысып, төс қағысып, амандық-саулық сұрасып мәре-сәре болған теміржолшылар әрі қарай ақ дастархан басына жиналып, ұлттық тағамдардан дәм татты. Бір шатырды бөлісіп, бір саланың жүгін бірге көтеріп отырған Жүк тасымалы және Магистральдық желі бөлімшелерінің қызметкерлері ұлттық дәстүрді ұлықтауда да ауызбіршіліктің үлгісін паш етті. Бөлімшелер бір-бірімен құда болып, қазақи дәстүрдегі тойдың салт-жоралғыларын көрсетіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Той ақсақалы – орталық теміржолшылар кәсіби одағының өңірдегі өкілі Сәрсенбай Есенқұлов жыл басы наурыздың бастауы Аман мерекесіне тілек айтып, бата берді.

Тек бәйімшеде ғана емес, оған қарасты аймақтағы барлық мекемелерде Аман күнін атап өту, көрісу рәсімдері өтіп, көздің жауын алған ұлттық киім киген теміржолшылар наурыз тойын бастады.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор

ВЕРНОСТЬ ДОРОГЕ И СЕМЕЙНЫМ ТРАДИЦИЯМ

За стабильной работой железной дороги стоят люди, которые ежедневно ответственно и добросовестно трудятся. Среди них – проводник по сопровождению грузов и специальных вагонов Кокшетауской дистанции сигнализации и связи ШЧ-12 Акмолинского отделения магистральной сети Айман Курманбаева, посвятившая железнодорожной отрасли более четырнадцати лет.



С 2018 года Айман Рамазановна работает в бригаде аварийно-восстановительной летучки связи. Ее задача – сопровождение грузов и специальных вагонов. Работа требует высокой ответственности, внимательности и готовности к выездам в любое время суток, ведь деятельность летучки напрямую связана с обеспечением бесперебойной работы устройств сигнализации и связи на железной дороге.

Айман Рамазановна очень ответственная и добросовестная. В любой ситуации сохраняет спокойствие и всегда выполняет свою работу аккуратно. Молодым работникам она часто помогает советом и делится опытом, – говорят коллеги, отмечая ее профессионализм и надежность.

Путь Айман Курманбаевой в отрасль был постепенным. Ранее она работала в сфере обслуживания, но со временем решила связать свою жизнь с железной дорогой. Для этого она получила профильное образование – в 2011 году окончила колледж «Бурабай» по специальности «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта», получив квалификацию техника-организатора.

За годы работы она заслужила уважение коллектива и руководства. Ее труд отмечен рядом поощрений, среди которых благодарственное письмо акима области, а также отраслевой знак «Теміржол саласында 10 жыл мінсіз қызметі үшін», которым награждают работников за безупречную службу.

Сама Айман Рамазановна говорит о своей профессии просто и искренне:

– Железная дорога учит дисциплине и ответственности. Здесь важно понимать, что от каждого человека зависит общий результат. Я стараюсь выполнять свою работу честно и добросовестно.

Примечательно, что железная дорога для нашей героини – не просто работа, а часть семейной истории. Многие ее родные также связали свою жизнь с отраслью.

Сестра Бахытжан Аузарова работала менеджером по персоналу в филиале АО «НК «КТЖ» – «Астанинская дистанция защитных лесонасаждений». Младший брат Еркеш Рамазанов трудится машинистом в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмола» в эксплуатационном локомотивном депо станции Курорт-Боровое. Сын Айман Рамазановны Жанат Курманбаев работает мостовым мастером в филиале АО «НК «КТЖ» – «Специализированный мостовой отряд Астана» на производственном участке станции Жалтыр. Дочь Арайлым Есет трудится ведущим специалистом группы учета Многофункционального центра обслуживания РЦО в городе Кокшетау.

Коллеги отмечают, что именно семейные ценности и уважение к труду помогают нашей героине сохранять преданность профессии, оставаясь частью команды, которая ежедневно обеспечивает стабильную работу железнодорожной инфраструктуры. И именно благодаря таким людям железная дорога уверенно продолжает движение вперед.

Руслан РАХМЕТОВ, Кокшетау Фото автора

РАМАЗАН – САУАП АЙЫ

Қасиетті Рамазан айында садақа беріп, қайырымдылық жасау – ең сауапты да қайырлы істердің бірі. Атырау магистральдық желі бөлімшесінде «Жақсылық жасап жарысайық!» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

«Жүректен жүрекке!» деген ұранмен өткен қайырымдылық акциясына атсалысқандар қатары көп болды. Бөлімшенің персоналды басқару бөлімінің бастығы Анар Жалғасбаеваның айтуынша, әркім өз мүмкіндігіне қарай үлес қосқан, біреулер үйінен зат әкеліп қосса, енді біреулер балалар үйіне – ойыншықтар мен кітаптар, төттілер, қарттар үйіне, мүмкіндігі шектеулі жандар орталығына және «Шапағат» мүгедектер қоғамына – азық-түлік, күнделікті қажетті заттар, жалғызбасты зейнеткерлерге – тұрмысқа қажетті бұйымдар, көпбалалы отбасыларға азық-түлік, киім-кешек, оқу құралдарын



қысқартып берілген. Бөлімше басшысы Аралбай Аманбаев: «Әрбір көмек, әрбір қолдау біреудің өміріне үміт пен қуаныш сыйлайды. Бұл біздің үлкен ұжымдағы бірліктің белгісі. Жасаған әрі иті істеріңіз өздеріңізге еселеніп қайтады» деп акцияны қолдаушылар қатарынан табылды. Акцияға бөлімшенің басқару аппараты, жол, электр және байланыс дистанциялары, станциялар, басқа да құрылымдық бөлімшелерден 200-ден аса қызметкер қатысып, жиналған заттар адресаттарға жеткізіліп, иелеріне табысталды.

әкеліп қосқан.

Бөлімше басшысы Аралбай Аманбаев: «Әрбір көмек, әрбір қолдау біреудің өміріне үміт пен қуаныш сыйлайды. Бұл біздің үлкен ұжымдағы бірліктің белгісі. Жасаған әрі иті істеріңіз өздеріңізге еселеніп қайтады» деп акцияны қолдаушылар қатарынан табылды. Акцияға бөлімшенің басқару аппараты, жол, электр және байланыс дистанциялары, станциялар, басқа да құрылымдық бөлімшелерден 200-ден аса қызметкер қатысып, жиналған заттар адресаттарға жеткізіліп, иелеріне табысталды.

Қосқым МҰҚАШЕВ, Атырау Суретті түсірген автор

ПОДАРКИ БЫВАЮТ РАЗНЫЕ

Креативный подарок для своих коллег-женщин сделали в ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» – «Илецк» (ГПФ-15) к Международному женскому дню – организовали нетворкинг по актуальным темам. В нем приняли участие 30 работниц филиала и Илецкого железнодорожного узла (ИЖУ).



Инициатором встречи была заместитель директора ГПФ-15 по экономике и финансам, член Совета женщин ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» Майра Алиева. Идею поддержали директор филиала Сансызбай Сатаубаев и председатель профкома Комар Сангаков. В качестве спикера из Актобе пригласили руководителя сектора креативной индустрии при региональной палате предпринимателей «Атамекен» Асель Арыстанғалиеву.

Предпраздничный нетворкинг проходил в Доме культуры имени Дзержинского г. Соль-Илецк. В нем приняли участие 30 работниц структурных подразделений станции Илецк, АУР, ПГО Илецк, Илецкого локомотивного депо (ТЧЭ-27), а также административно-управленческие работники Илецкого железнодорожного узла. В ходе мероприятия были обсуждены роль и вклад женщин в развитие общества, а также прошли тренинги на темы «Личностный рост», «Основы ораторского искусства», «Инструменты эмоционального интеллекта».

Как поделились участницы нетворкинга, тренинги прохо-

дили в игровой, занимательной форме, узнали о методе NLP (нейролингвистического программирования), учились ставить цели, получили рекомендации литературы для продолжения саморазвития и психологии производственных отношений. Во время чаепития обменялись мнениями и продолжали задавать вопросы спикеру.

– Подобная встреча уже проводилась в декабре в г. Актобе под эгидой Женского крыла Актобинского областного филиала партии «АМАНАТ» с представительницами коллективов филиалов ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» Актобе и Илецк, в целях поддержки женщин, работающих в железнодорожной отрасли, создания условий для их профессионального развития и формирования комфортной рабочей среды, – пояснила Майра Алиева. – Приглашение известной телеведущей, медиа-тренера, эксперта по речи, магистра делового администрирования (МВА) Асель Арыстанғалиевой для илецких железнодорожниц – большой подарок.

Яна ЛЕНИНА, Илецк Фото Рамили НУРЖАУОВОЙ



ТЕМІРЖОЛ ТАРИХЫНА САЯХАТ

Ақтөбедегі теміржол мұражайына жас туристер келді. Оларды ескі байланыс құралдары мен станция қоңырауы сынды көне жәдігерлер ерекше қызықтырды.

Экскурсия барысында балалар пойыз макеттерінің маңында ұзақ аялдап, олардың қалай жұмыс істейтінімен танысты. Әсіресе ғасырлық тарихы бар станция қоңырауы оқушылардың ерекше қызығушылығын оятты. Олар ертеде пойыздың келуі мен кетуін хабарлаған қоңырауды соғып көріп,

ұзақ тамашалады. Мұражайдағы ескі тэлефондар да жас қонақтардың назарынан тыс қалмады. Оқушылар байланыс құралдарының дыбыс шығару тәсілін, сөйлесетін бөліктерін қызықтап, көп сұрақ қойды.

Музей менеджері Данагүл Асанованың айтуынша, Ақтөбе теміржо-

лына қарасты мұражай 1989 жылы құрылған. Бұл мұражайда Батыс Қазақстан теміржолының даму жолын көрсететін 400-ге жуық жәдігер сақталған. Олардың қатарында тарихи фотосуреттер, құжаттар, теміржолшылар пайдаланған құрал-жабдықтар мен түрлі макеттер бар.

– Осындай экскурсиялар арқылы жас ұрпақ теміржол тарихын таниды. Саланың ел дамуына қосқан үлесін, маңызын жақындық түсінеді. Есіміз әрдайым ашық. Оқушылар тұрақты келіп тұрады, – деді Данагүл Асанова.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе Суретті түсірген автор

Спорт

БИТВА ЗА КОЛЬЦО

В преддверии праздника Наурыз на станции Караганда-Сортировочная на стадионе Локомотив прошло Первенство по баскетболу среди железнодорожников на призы Карагандинского филиала ОО «КАЗПРОФЖЕЛ».

В спортивном мероприятии приняли участие пять команд - ТЧЭ-14 станции Караганда, ТЧЭ-15 станции Жанаарка, НОДП-4, ПЧ-24 и сборная команда узла Акадыр. По традиции с приветственным словом выступил председатель Карагандинского филиала ОО «Казпрофжел» Яхия



Альмусин. Он пожелал игрокам максимальной концентрации, сплоченности и силы духа.

– Баскетбол пользуется высокой популярностью среди работников железнодорожной отрасли. Он регулярно включается в программы корпоративных спартакиад, различных праздников и соревнований, способствует укреплению командного духа, физической подготовки и поддержки здорового образа жизни среди железнодорожников, – подчеркнул инструктор по

спорту Карагандинского филиала ОО «КАЗПРОФЖЕЛ» Тағат Аймаңбетов.

По итогам турнира первое место заняла команда НОДП-4, второе место – команда ТЧЭ-15 Жанаарка и третье место – команда ТЧЭ-14 Караганда. Кроме того, были определены следующие номинации: «Лучшим разыгрывающим игроком» стал работник Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо Александр Силян, «Полезным игроком команды» жюри определило сотрудника ПЧ-24 Караганда Досымжана Мерекеева, «Лучшим бомбардиром» стал сотрудник ТЧЭ-15 Жана-Арка Сырым Тынысбаев, «Лучшим центровым игроком» – монтер пути ПЧ-26 Акадыр Шынғыз Жанбырлы.

Светлана МОГАЙ, Караганда Фото автора

ШЕБЕРЛІК САЙЫСЫ

Үстел теннисі – аймақ теміржолшылары арасында кәсіби деңгейде ойналатын футбол, волейбол секілді болмаса да жиі өткізілетін спорттық сайыстың бірі. Оған жыл сайын қызығушылар саны артып келеді.

Биылғы жоспарлы шаралар тізіміне сәйкес облыстық теннис орталығында ұйымдастырылған сайысқа аймақтағы барлық салалық мекемелерден 13 ойыншы қатысып, бақ сынады. Жігіттермен қатар қыздардың да спортқа ден қойып, қызығушылық танытып қоймай әжептеуір

бейнелі ойын өрнегін көрсетуі, аталған спорт түрінің егеп-егтеп теміржолшылардың хоббиына айналып келе жатқанын білдірсе керек.

Теннис жарысы қызықты да тартысты өтті. Әрбір ойыншы шарды қабылдау, шабуылдау және қорғаныс тактикасын тиімді пайдаланып, өз мүмкіндігін барынша көрсетуге тырысып бақты. Нәтижесінде ең мықты ойыншы да анықталып, жеңіс тұғырына көтерілді. Жұлделі 3-орынды Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясының электромеханигі Бақыт Иманалиев иеленді. 2-орынды Қызылорда ЖТ бөлімшесінің инженері Талғат Сыздықов олжаласа, 1-орынды Қазалы жол дистанциясының жолшысы Қайрат Денеев қанжығасына байлады.

– «Қазтеміржолкөсіп» ҚБ Қызылорда филиалы-



ның басшылығы мен мекемелердің кәсіподақ ұйымдары ұйымдастырған теннис жарысы шын мәнінде нағыз шеберлік сайысына ұласты, өрнекті де әдемі ойын болды, – дейді спорт секторы Бақытжан Имбағенов.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

КАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 8 000
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынған, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосқым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу күші берілді.